

"Байқоңыр" ғарыш айлағында "Бәйтерек" ғарыштық зымыран кешенін құру" жобасын іске асыру үшін бөлінген бюджеттік кредитті қайта құрылымдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 26 сәуірдегі N 447 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 193-бабына және «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2005 жылға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 2 желтоқсандағы Заңына және «2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қарашадағы Заңына сәйкес «Бәйтерек» Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны» акционерлік қоғамына 041 «Байқоңыр» ғарыш айлағында «Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешенін құруға кредит беру» бюджеттік бағдарламасы бойынша берілген бюджеттік кредит есептелген сыйақыны және мерзімі өткен сыйақы мен негізгі борыш үшін айыппұлды капиталдандыра отырып, бюджеттік кредитті Қазақстан Республикасының Ұлттық ғарыш агенттігі шотынан «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының шотына алғаш аударған сәттен бастап 2015 жылғы 15 қарашаға дейін бюджеттік кредитті игеру кезеңін ұзарту арқылы қайта құрылымдалсын .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі тиісті қосымша келісім жасасуды
қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов